



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 4-11 қараша аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жыл, 14 қараша



Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 11 қарашада теңгенің нарықтық бағамы қаралып отырған кезеңде 0,5%-ға (464,45 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары үшін 462,01 теңге деңгейінде қалыптасты.

2022 жылғы 4-11 қараша аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. 8 қарашада АҚШ Конгресінде аралық сайлау өтті, алдын ала нәтижелер күткендей болды: Республикалық партия төменгі палатадағы бақылауға ие болса, демократтар Сенаттағы басымдықты сақтап қалды. АҚШ-тағы тұтыну инфляциясы қазан айының қорытындысы бойынша, талдаушылардың күткеніне қарағанда ж/ж 7,7%-ға дейін едәуір бәсеңдеді. Бұның өзі АҚШ ФРЖ үшін мөлшерлемені арттыру қарқынын бәсеңдетуге негіз болады. Филадельфияның ФРБ басшысы мөлшерлемені 4,5%-ға дейін ұлғайтқаннан кейін экономиканың ахуалын бағалау үшін Орталық банктің үзіліс алуы мүмкін екенін айтты. ҚХР Үкіметі шетелден келушілерге карантинді 7 күннен 5 күнге дейін қысқартылатынын хабарлады, бұл – елдегі ковидке қатысты шектеулердің жеңілдетілгенін білдіреді.



Бұл факторлар дамушы нарықтарда валюталардың оң динамикасын құрды. Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка ранды** инвесторлардың тәуекел-сентиментінің жақсаруы аясында 3,7%-ға (17,9-ден 17,24-ке дейін) нығайды. ОАР-дың өнеркәсіптік өндірісі қыркүйекте ж/ж 2,9%-ға дейін қарқын алды;
- **Ресей рублі** қарашада экспорттаушыларды салықтық төлемдерге дайындау аясында 2,5%-ға (62,1-ден 60,54-ке дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** АҚШ доллары бағамының жаһандық әлсіреуі және бейрезиденттердің қор нарығына (дүйсенбіде акциялар нарығына 239 млн АҚШ долларының) ағылуы аясында 2%-ға (82,44-тен 80,81-ге дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** шетелдік портфельдік инвестициялардың (дүйсенбіде борыш нарығына 37,6 млн АҚШ долларының) әкелінуі аясында 1,5%-ға (15 738-ден 15 495-ке дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** 0,1%-ға (19,52-ден 19,5-ке дейін) нығайды. Қазанда елдегі инфляцияның ж/ж 8,41%-ға дейін бәсеңдеуі және Президенттің экономиканың өсуін қолдауға шақыруы аясында ОБ мөлшерлемені 75 базистік тармаққа 10%-ға дейін көтерді, инвесторлар Мексикада ақша-кредит саясатының тез арада жеңілдеуінен қауіптеніп отыр;
- **түрік лирасы** 0,1%-ға (18,57-ден 18,58-ге дейін) әлсіреді. Қаржы министрлігі 10%-дық мөлшерleme бойынша 1,5 млрд АҚШ доллары сомасында 5 жылдық еурооблигацияларды орналастыруды ұсынды;

- **Бразилия реалы** жаңа сайланған ел президентінің сайлауалды уәделерін орындау үшін фискалдық шығыстардың айтарлықтай ұлғаю мүмкіндігіне қатысты инвесторлардың қауіптенуі аясында 5,3%-ға (5,06-дан 5,33-ке дейін) әлсіреді.



Дамушы елдер валюталарының динамикасы
(2022 жылғы 28 қазан = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press.nationalbank.kz

www.nationalbank.kz